

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2015 жылы 17 қыркүйекте № 12073 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-22) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса берілетін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты заңнамамен бекітілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқықтық ақпарат республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Т. Дүйсенова _____

2015 жылғы 24 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов _____

2015 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев _____

2015 жылғы 13 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі

Қ.Қасымов _____

2015 жылғы 22 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

В. Школьник _____

2015 жылғы 13 тамыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 198 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 595 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-22) тармақшасына, 38 және 47-баптарына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі – ИКАО) талаптарына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру (бұдан әрі – Қағидалар) және "Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру", "Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру", "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру", "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру", "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру", "Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібін айқындайды." (бұдан әрі – ұшуға жарамдылығын қолдау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Оларды берген сәттен бастап төменде көрсетілген құжаттарға мынадай қолданылу мерзімі белгіленеді:

- ұшуға жарамдылық сертификаты – бір жыл;
- шу бойынша сертификат – мерзімсіз;
- экспорттық сертификат – күнтізбелік отыз күн;
- арнайы ұшуды орындауға рұқсат (ұшуға жарамдылығының арнайы сертификаты) – күнтізбелік отыз күн;
- радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсат – мерзімсіз;
- шет мемлекет берген азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын жарамды деп тану туралы шешім (бұдан әрі – сертификатты тану туралы шешім) – шет мемлекет берген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық сертификатында көрсетілген мерзім.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ұшу өндірісінде болатын әуе кемелерінің аталған әуе кемесі тіркелген мемлекеттің уәкілетті ұйымы берген немесе таныған ұшуға жарамдылық сертификаттары болады. Әуе кемесі қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификатынсыз пайдалануға жіберілмейді.

5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

2) азаматтық әуе кемесі типінің конструкциясы – "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 12038 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ұшу жарамдылығын белгілеу мақсатында әуе кемесінің, қозғалтқыштың немесе әуе бұрандасының үлгісін айқындау үшін қажетті ақпарат деректерінің жиынтығы;

3) әзірлеуші мемлекет – типті құрылысқа жауапты ұйымға қатысты юрисдикциясы бар мемлекет;

4) әуе кемелерінде орнатылған радиохабарлау аппаратурасын пайдалану рұқсаты – азаматтық әуе кемесінде орнатылған радиохабарлау аппаратурасын пайдалануға уәкілетті ұйым беретін құжат;

5) әуе кемелерінің пайдалану құжаттамасы – техникалық қызмет көрсетілуі мен жөнделуін қоса алғанда, әуе кемелерінің ұшу және техникалық пайдаланылуын регламенттейтін, сондай-ақ пайдалану шарттары мен пайдаланушылық шектеулерді қамтитын құжаттама;

6) әуе кемесінің, қозғалтқыштардың және негізгі агрегаттарының формуляры – авиациялық техниканың атқарымын (күнтізбелік ресурсы, сағаттық ресурсы, қонулар бойынша ресурсы) және оның техникалық жай-күйін есепке алуға арналған негізгі құжаттар;

7) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты – уәкілетті ұйым берген, азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

8) өтініш – өтініш берушінің уәкілетті ұйымға ұшуға жарамдылық сертификатын, экспорттық сертификатты, шуыл бойынша сертификатты, арнайы ұшуға берілетін рұқсатты (ұшуға жарамдылығының арнайы сертификаты), радиотаратқыш аппаратурасын пайдалануға берілетін рұқсатты және сертификатты тану туралы шешімді алу үшін өтініш беруі;

9) өтініш беруші – ұшуға жарамдылығы сертификатын, ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын, шуыл бойынша сертификатын, арнайы ұшуға арналған рұқсатты (ұшу жарамдылығының арнайы сертификатын), радиохабар тарататын аппаратураға рұқсат пен сертификатты тану туралы шешімді алу үшін уәкілетті ұйымға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

10) ұшуға жарамдылығы директивасы – жай-күйі қауіпсіз емес болып табылатын немесе осындай жай-күй сол үлгідегі конструкцияның басқа да бұйымдарында орын алуы мүмкін, не дамуы мүмкін және қабылдануы тиіс түзету іс-қимылдарын, не осындай бұйымдарды одан әрі пайдалануға рұқсат етілетін шарттарды немесе шектеулерді ұйғаратын, авиациялық бұйымды айқындайтын құжат;

11) ұшу жарамдылығының нормалары – ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әуе кемелері мен олардың құрауыштарының құрастырмаларына, параметрлеріне және ұшу сапасына қойылатын талаптар;

12) ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификаты – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарылуға жататын әуе кемесін экспорттауға арналған уәкілетті ұйым берген құжат;

13) ұшуға жарамдылық сертификатын жарамды деп тану туралы шешім (бұдан әрі – Шешім) – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген, азаматтық әуе кемесінің Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) талаптары мен стандарттарына және Қазақстан Республикасы белгілеген ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;

14) ұшуды орындауға жарамды – әуе кемесінің, қашықтықтан пилоттау пунктін, қозғалтқыштың, әуе бұрандасының немесе олардың бекітілген конструкциясына және оларды қауіпсіз пайдалану шарттарына сәйкес келетін құрамдас бөлігінің жай-күйі;

15) ұшу жарамдылығын қолдау – авиациялық техниканың ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі және оларды пайдалану мерзімі ішінде қауіпсіз пайдалану үшін қажетті жағдайда ұстауды қамтамасыз ететін шаралар кешені;

16) үлгі конструкциясына жауапты ұйым – әзірлеуші мемлекет берген әуе кемесінің, қозғалтқыштың немесе әуе бұрандасының типіне қатысты тип сертификатын немесе оған теңестірілген құжатты иеленетін ұйым;

17) үлгі сертификаты – әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйым немесе азаматтық әуе кемесі типінің конструкциясын, қозғалтқышты немесе әуе бұрандасын айқындау үшін шет мемлекет берген және конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;

18) шу сертификаты – азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатына қосымша болып табылатын жергілікті шуға қатысты азаматтық әуе кемесінің сәйкестігін куәландыратын уәкілетті ұйым беретін құжат;

19) Area navigation (RNAV) – аймақтық навигация;

20) CATEGORY (Cat. III) – шектеулі көріну жағдайы;

21) Minimum navigation performance specification (MNPS) – навигациялық жабдық ерекшеліктеріне қойылатын ең төменгі талаптар.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын бергені үшін (азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын алғаш рет алғаны, бұрын ұшуға жарамдылық сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын бергені, бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын бергені, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын ұзартқаны) "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидалары) айқындалған тәртіпте ақы алынады.

Төлемақы мөлшері "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) айқындалған (бұдан әрі -Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесі және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері).

Азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру тәртібі

1-параграф. Сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру

7. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім 483сертификатын

беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Құжаттар топтамасымен ұсынылатын әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын анықтау (бұдан әрі – тексеру актісі) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Портал арқылы өтініш берген кезде өтінім берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Өтінім беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтер уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өтініш берушіден ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық зерттеп-қарау үшін төленген алым сомалары уәкілетті ұйым жүзеге асыру үшін осындай төлемдерді төлеу талап етілетін әрекеттерді жасамау фактісін растаған жағдайда артық төленген деп танылады.

Осы Қағидаларда айқындалған мерзімде әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеруді жүзеге асырмау уәкілетті ұйымның іс-қимыл жасамауы болып табылады.

Ескерту. Қағидалар 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Құжаттарды қарау мерзімі және ұшу жарамдылығы сертификатын беру 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған не оны жойған жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін өтініш беруші сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, қарау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күніне дейін ұзартылады, бұл туралы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткенге дейін қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде портал арқылы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Өтініш беруші порталға Ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті ұйым екі жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші Ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, уәкілетті ұйым өтініш берушінің және ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормалары), Заңның және ИКАО авиациялық стандарттарына сәйкестігін тексереді және 10 (он) жұмыс күні ішінде әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеруді жүзеге асырады.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған, азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын сертификаттық тексеру кезінде (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) әуе кемесінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін растайтын және азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын беруге өтінім беру сәтінде қолданыста болатын

мемлекеттік тіркеу кезінде жасалған оң бағалау актісі болған кезде әуе кемесін қарау жүргізілмейді.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу кезінде (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) жасалған оң бағалау актісі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қолданылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9-1. Сертификаттық зерттеп-қарау жүргізу басталғанға дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын портал арқылы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған, сертификаттау рәсіміне басталу күні, ықтимал өзгерістер мен толықтырулар қамтитын еркін нысандағы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9-2. Нұсқаулық материалды пайдалана отырып (әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеру бағдарламасына сәйкес) пайдалану құжаттамасын тексеру және әуе кемесін тексеру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес сертификаттық зерттеп-қарау бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылатын азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін (бұдан әрі – бағалау актісі) жасайды.

Оң бағалау актісінің негізінде уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұшу жарамдылығы сертификатын не ұшу жарамдылығы сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 9-тармағында көрсетілген негіз бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында порталдағы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеруді уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторлары нұсқамалық материалды (әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеру бағдарламасын) пайдалана отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Өтініш беруші авиациялық инспекторларға сертификатталған әуе кемесіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді және әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін бағалау үшін пайдалану құжаттамасын ұсынады.

13. Қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған сәттен бастап 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге келіседі.

Өтініш беруші осы Қағидаларға 3-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық тексеру нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға келісуге ұсынады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлеу кезінде өтініш беруші анықталған әрбір сәйкессіздіктің туындау себебін айқындайды, сондай-ақ түзету іс-қимылдарының жоспарына сәйкессіздіктің қайталануын жою және болдырмау жөніндегі шараларды қосады. Өтініш беруші сәйкессіздікті жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

Анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша өтініш беруші ұсынған шараларды бағалау негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде түзету іс-қимылдарының қолайлы жоспары келісіледі не оның себептерін негіздей отырып пысықтауға қайтарылады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді уәкілетті ұйымның өтініш беруші оны өзгерту қажеттігі туралы негіздеме ұсынған жағдайда 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Уәкілетті ұйым өтінім берушінің түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспармен белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарының орындалуын бақылайды.

Егер өтінім беруші түзету іс-қимылдарын қабылдауға болатын жоспарын ұсынбайтын немесе уәкілетті ұйым белгілеген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамайтын болса, уәкілетті ұйым ұшуға жарамдылық сертификатын беруден бас тартады.

Анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін өтінім беруші уәкілетті ұйымға тексеру үшін растау құжаттамасын қоса бере отырып, жоспармен белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарының орындалуы туралы ерікті нысандағы анықтаманы ұсынады.

15. Тексерудің оң қорытындысының нәтижелері бойынша Ұшу жарамдылығы сертификаты немесе осы Қағидаларға 9-2-тармақтың екінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімделеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 9-2-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген тәсілмен жіберіледі.

Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді (бұдан әрі – деректерді АЖ-ға енгізу Қағидалары).

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Егер азаматтық әуе кемесі құрастырылған, жасалған, жарақтандырылған, ұшуға жарамдылықта ұсталған және техникалық қызмет көрсету мен жөндеуден өткен болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес оның ұшу сапасы болса, ұшуды орындау үшін жарамды деп танылады:

- 1) әуе кемесінің азаматтық әуе кемесінің жарамдылығы сертификаты болса;
- 2) Қазақстан Республикасы әуе кемесінің азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы қолданыстағы куәлігі болса;
- 3) әуе кемесі әзірлеуші мемлекет бекіткен үлгілік конструкцияға сәйкес келсе;
- 4) түрлендіру немесе жөндеу азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарына сәйкес келсе;
- 5) әуе кемесі ұшуға жарамдылықта ұсталады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-параграф. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтату

16. Уәкілетті ұйым әуе кемесінің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығының, (нормативті-құқықтық актілердің мемлекеттік реестрде тіркелген № 12038) азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылық нормаларына сәйкес келмеуі анықталған жағдайларда ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатады.

17. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатқан жағдайда уәкілетті ұйым ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатудың себебін көрсетеді.

Әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда тоқтатылған күннен алты ай ішінде ұшуға жарамдылық сертификаты кері шақыртылады.

18. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатылған жағдайда оның жаңартылуы эксплуатант анықталған сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін уәкілетті ұйымымен жүзеге асырылады.

19. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатылған немесе кері шақыртылған жағдайда уәкілетті ұйым эксплуатантқа және аэронавигациялық ақпарат қызметіне қабылданған шешім туралы дереу хабарлайды.

3-тарау. Шуыл бойынша сертификатты беру

20. Қазақстан Республикасында пайдалануға арналған азаматтық әуе кемесінің жергілікті жердегі шуылға қатысты ИКАО талаптарына сәйкестігін уәкілетті ұйым шуыл бойынша сертификатты бере отырып сертификаттайды.

Шуыл бойынша сертификат ұшуға жарамдылық сертификатына қосымша болып табылады.

21. Шуыл бойынша сертификатты уәкілетті ұйымның осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді. Шуыл бойынша сертификатты алу үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15553 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды, мемлекеттік тіркеу қағидаларына (бұдан әрі – азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу қағидалары) сәйкес мәліметті ұсынады.

Өтініш беруші дұрыс емес мәліметті ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйымы бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде шуыл бойынша сертификат беруден бас тартады.

21-1. Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын (жеке қызмет) алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын алу үшін өтінім жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Шуыл бойынша сертификат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21-2. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 21-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-3. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-4. Өтінімді қарау мерзімі және әуе кемесінің шуыл бойынша сертификатын беру 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік қызметі "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен жиынтықта "бір өтініш" қағидаты бойынша (бұдан әрі – "бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет) көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызметті көрсету мерзімі 25 жұмыс күнін құрайды, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді беру мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды;

шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды;

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды, мемлекеттік тіркеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15553 болып тіркелген) сәйкес жеке көрсетіледі.

Ескерту. 21-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 21-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21-6. Авиациялық инспекторлар үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып, өтінімді қарау нәтижелері бойынша, Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына, Заңның және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық стандарттарына сәйкестігін уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің шуыл бойынша сертификатын не шуыл бойынша сертификат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 21-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21-7. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 21-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

22. Шуыл бойынша сертификат қолданысы тоқтатылу тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфына сәйкес көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. Шет мемлекет берген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық сертификаттарын тану тәртібі

1-параграф. Шет мемлекет берген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық сертификаттарын тану

23. Шет мемлекет берген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық сертификаттарын тану тәртібі ұшуға жарамдылық сертификаты берілген талаптар ИКАО стандарттарының талаптарына және "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) бекітілген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына (бұдан әрі – ұшуға жарамдылық нормалары) сәйкес келетін жағдайда, азаматтық әуе кемелеріне қолданылады.

24. Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы өтінім және осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға

жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым екі жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

25. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-1. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Өтінімді қарау мерзімі және шет мемлекет берген азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-1. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, пайдаланушы сертификатын, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлікті, ұшуды орындау құқығына куәлікті көрсетілетін уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26-2. Авиациялық инспекторлар үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып, өтінімді қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына, Заңның және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық стандарттарына сәйкестігін уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ұшу жарамдылығы сертификатын тану туралы шешімді не ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 26-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26-3. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 26-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5-тарау. Әуе кемесінің арнайы ұшуды орындауына рұқсат (ұшуға жарамдылықтың арнайы сертификаты), азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиохабар аппаратурасын пайдалануға рұқсатты және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру тәртібі

1-параграф. Әуе кемесінің арнайы ұшуды орындауына рұқсат (ұшуға жарамдылықтың арнайы сертификаты) беру

27. Арнайы ұшуды орындауға рұқсат (ұшуға жарамдылығының арнайы сертификаты) Заңның 44-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген және қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты жоқ немесе ұшуға жарамдылық сертификатын беру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін, бірақ пайдаланушының және уәкілетті ұйымның бағалауы негізінде Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде төменде белгіленген жағдайларда және мынадай мақсаттарда қауіпсіз ұшу:

- 1) жаңа әуе кемелері шығарылғаннан кейінгі айналып ұшу сынақтары;
- 2) пайдалану (жөндеу) құжаттамасына сәйкес техникалық қызмет көрсетуден және (немесе) жөндеуден кейінгі ұшу сынақтары немесе техникалық сипаттамаларды растау мақсатында айналып ұшу;
- 3) әуе кемесін жеткізу немесе экспорттау;

4) тапсырыс берушінің немесе уәкілетті ұйымының бағалауы үшін әуе кемесінің ұшуы;

5) көрмелер мен авиашоу;

6) әуе кемесінің техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді орындау орнына немесе сақтау орнына ұшып баруы;

7) қону үшін тиісті жағдайы немесе тиісті отын мөлшері жоқ аймақтарда су үстімен немесе жер үстімен қауіпсіз ұшу қашықтығының шегінен тыс ұшулар үшін әуе кемесінің сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасымен ұшуы;

8) рекордтарға қол жеткізу, авиациялық жарыстарға және соған ұқсас жарыстарға қатысу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұшуға жарамдылық сертификаты немесе соған ұқсас басқа да құжат талап етілмейтін, Қазақстан Республикасының аумағындағы әуе кемелерінің немесе әуе кемелері типтерінің қызметі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 06.03.2023 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Арнайы ұшуды орындауға рұқсат берер алдында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым ұшуды қауіпсіз орындау үшін әуе кемесінің жай-күйіне бағалау жүргізуге және оны пайдалануға қажетті шектеулер белгілеуге міндетті. Арнайы ұшуды орындау кезінде әуе кемесінің бортында жолаушыларды тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 5-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 06.03.2023 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-2. Пайдаланушы ұшқыштың тиісті куәлігі бар экипаждың арнайы ұшуды орындауын немесе Заңның 55-бабына сәйкес шет мемлекеттің ұшқыш куәлігін тануды және осы экипажды ұшудың мақсаты және әуе кемесінде белгіленген кез келген шектеулер туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 5-тарау 27-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы ұшуды орындауға рұқсат алу (ұшуға жарамдылықтың арнайы сертификаты) үшін өтініш беруші портал арқылы уәкілетті ұйымға өтінім жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі

талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-1. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-2. Өтініш беруші Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-3. Өтінімді қарау және арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Әуе кемесінің жай-күйіне қосымша бағалау жүргізу қажет болған жағдайда қарау мерзімі 3 (үш) жұмыс күніне дейін ұзартылады, бұл туралы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткенге дейін өтініш берушінің "жеке кабинетіне" портал арқылы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 28-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

28-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 28-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Авиациялық инспекторлар үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып, өтінімді қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына, Заңның және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық стандарттарына сәйкестігін уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз арнайы ұшу жарамдылығы сертификатын не Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жібереді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 30-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-параграф. Азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиобаар аппаратурасына рұқсат алу тәртібі

31. Егер азаматтық әуе кемелерінде радиобаар тарату аппаратурасы орнатылған болса, уәкілетті ұйымының радиобаар тарату аппаратурасын пайдалануға рұқсат береді.

Радиобаар аппаратурасына рұқсат алу үшін, өтінім беруші осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиобаар аппаратурасына рұқсат алу үшін ұсынылатын мәліметтерді ұсынады. Радиобаар аппаратурасына берілетін рұқсат осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

31-1. Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат (жеке қызмет) алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсат алуға өтінімді және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінде орналасқан Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат алу үшін ұсынылатын мәліметтерді береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым екі жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 31-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31-2. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 31-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-3. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-4. Өтінімді қарау және азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік қызметі "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен жиынтықта "бір өтініш" қағидаты бойынша (бұдан әрі – "бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет) көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызметті көрсету мерзімі 25 жұмыс күнін құрайды, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді беру мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды;

радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды;

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды, мемлекеттік тіркеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15553 болып тіркелген) сәйкес жеке көрсетіледі.

Ескерту. 31-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 31-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31-6. Авиациялық инспекторлар үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып, өтінімді қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына, Заңның және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық стандарттарына сәйкестігін уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсатты не Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 31-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-параграф. Әуе кемелерінің экспорттық ұшуға жарамдылық сертификатты

33. Экспорттық сертификатты алып тастауға жататын әуе кемесінің уәкілетті ұйымы Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен береді.

Бұл құжат ұшуды орындау мақсаты үшін жарамды болып табылмайды және экспорттаушы мемлекеттің әуе кемесінің ұшу жарамдылығының жай-күйін соңғы тексерудің оң нәтижелерін растауы ретінде қызмет етеді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 06.03.2023 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы өтінімді және осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-1. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 34-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-2. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-3. Өтінімді қарау мерзімі және ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 34-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 34-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

35. Авиациялық инспекторлар үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып, өтінімді қарау нәтижелері бойынша Қазақстан

Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына, Заңның және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық стандарттарына сәйкестігін уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын не ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

36. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 36-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк алпыс күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрықтарымен.

6-тарау. Ұшуға жарамдылығын қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетiлетiн қызметтi берушiлердiң және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешiмдерiне, әрекеттерiне (әрекетсiздiгiне) шағымдану тәртібi

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

37. Уәкiлеттi ұйымның әкiмшiлiк актiнi әкiмшiлiк (сотқа дейiнгi) тәртiппен қабылдауға байланысты әкiмшiлiк әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкiмшiлiк орган, лауазымды адам, мемлекеттiк қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөнiндегi уәкiлеттi орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргiзедi.

Өтiнiш берушiнiң шағымы "Мемлекеттiк көрсетiлетiн қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкiлеттi ұйымның – оны тiркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнi iшiнде;

азаматтық авиация саласындағы уәкiлеттi органның, мемлекеттiк қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөнiндегi уәкiлеттi органның оны тiркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнi iшiнде қарауына жатады.

Шағым уәкiлеттi ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкiлеттi органға және (немесе) шешiмiне, әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға берiледi.

Уәкiлеттi ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкiлеттi орган, шешiмiне, әрекетiне (әрекетсiздiгiне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келiп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнiнен кешiктiрмей оны және әкiмшiлiк iстi шағымды қарайтын органға жiбередi.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде шағымда көрсетiлген талаптарды толық қанағаттандыратын шешiм не өзге де әкiмшiлiк әрекет қабылданса, уәкiлеттi ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкiлеттi орган, лауазымды адам, шешiмге, әрекетке (әрекетсiздiкке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жiбермейдi.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк алпыс күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

38. Уәкiлеттi ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкiлеттi органның, мемлекеттiк қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөнiндегi уәкiлеттi

органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он жұмыс) күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық нысанда берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшу
жарамдылығы сертификатын
беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сертификаттауды жүргізуді және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруді сұраймын:	
Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі:	
Әуе кемесінің мемлекеттік және тіркеу тану белгісі:	
Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген күні:	

Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің аты (атауы) :			
Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің мекенжайы:			
Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің байланыс ақпараты:			
телефон нөмірі:			
электрондық пошта мекенжайы:			
Әуе кемесі туралы мәліметтер:			
өндіруші:			
түрі мен моделі:			
зауыт (сериялық) нөмірі:			
санат:			
сағаттардағы/ циклдардағы/ жылдардағы жұмыс:			
Қозғалтқыштар туралы мәліметтер:			
түрі мен моделі:			
зауыттық (сериялық) нөмір (лер):			
сағаттардағы/ циклдардағы жұмыс			
Әуе винттері туралы мәліметтер (бар болса):			
түрі мен моделі:			
зауыттық (сериялық) нөмір (лер):			
сағаттардағы/ циклдардағы жұмыс			
Әуе кемесінің орналасқан жері:			
Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізілген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның атауы мен мекенжайы:			
Планерді жөндеуге дейінгі ресурстың қалдығы (сағат, қону, жылдар):			
Қозғалтқышты (ларды) жөндеуге дейінгі			

ресурстың қалдығы (сағаттар, циклдар, жылдар):	
Әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағы (кг):	
Әуе кемесінің максималды қону салмағы (кг):	
Туралау, % САХ:	
Тік эшелондау минимумын азайту бойынша әуе кемесін ұшуға жіберу туралы ақпарат (Reduced Vertical Separation Minimal (RVSM)):	
Әуе кемесі Халықаралық азаматтық авиация ұйымы санатындағы ұшуға жіберілді (ИКАО) (нөмірі):	
Әуе кемесінде орнатылған радиотаратқыш аппаратура бойынша деректер:	
Ұйымдастырылған тректер жүйесінде (Organized Track System (OTS)) әуе кемесіне рұқсат беру деректері:	
Егер қажет болса, шет ел берген ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатының деректері:	
Ұшуды пайдалану жөніндегі бекітілген басшылықтың нөмірі (атауы/нөмірі):	
Бекітілген ұшуды пайдалану жөніндегі басшылықтың ревизиясының нөмірі мен күні (егер бар болса):	
Бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының нөмірі (атауы/нөмірі):	

Бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының ревизиясының нөмірі мен күні (егер бар болса):	
Бекітілген Minimum Equipment List (бұдан әрі – MEL) нөмірі:	
Бекітілген MEL ревизиясының нөмірі мен күні (егер бар болса):	
Сертификаттау базисі (сәйкестігі сертификаттау кезінде көрсетілген нормалар):	
Ақпараттық жүйелердегі (меншік иесі/пайдаланушы) заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін:	
Өтініш беруші өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады	
Берілген күні:	

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшу
жарамдылығы сертификатын
беру қағидаларына
1-1-қосымша

"Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік қызметтің атауы "Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын беру"		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:		
1. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын алғаш рет алу;		
2. Бұрын ұшуға жарамдылық сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын беру;		
3. Бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын беру;		
4. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын ұзарту.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: "электрондық үкімет" порталы

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: 20 (жиырма) жұмыс күні. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу не көрсетілетін қызметті алушы оны жойған жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификатта талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, қарау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күніне дейін ұзартылады.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының бастапқы сертификатын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 2. Бұрын ұшуға жарамдылық сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру; 3. Бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру; 4. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын ұзарту не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3-тармағына, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелеріне және азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидаларына сәйкес ақылы.
		1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік

Көрсетілетін қызметті берушінің, және ақпарат объектілерінің жұмыс істеу кестесі

бойы (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.30- ден 17.30-ға дейін.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтер, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау үшін бюджетке алым төленгенін растауды уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

1. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын алғашқы алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған өтінім беріледі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде өтінімді тіркеген күнге дейін 22 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің электрондық көшірмесі;
2) егер әуе кемесі жалға алынған болса, жалдау туралы шарттың

және қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;

3) әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын және көрсетілетін қызметті беруші таныған шет мемлекеттің, халықаралық азаматтық авиация ұйымының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификаттың немесе оған балама құжаттың электрондық көшірмесі;

4) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламент) электрондық көшірмесі;

5) әуе кемесін қайта жабдықтау жөніндегі құжаттың электрондық көшірмесі (қайта жабдықтау кезінде);

6) жаңа әуе кемесінің үлгі сертификатына сәйкестігін растайтын дайындаушы зауыт сертификатының электрондық көшірмесі;

7) уәкілетті ұйым бекіткен алдыңғы пайдаланушыға техникалық қызмет көрсету бағдарламасының жаңа техникалық қызмет көрсету бағдарламасына көшуі бойынша техникалық қызмет көрсетудің орындалғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

8) орталықтандыру және тиеу деректерін көрсете отырып, қолданыстағы құрастыруда әуе кемесін өлшеу жөніндегі деректердің электрондық көшірмесі;

9) үлгі сертификатын ұстаушы жасаған ең аз жабдықтың негізгі тізбесі болған кезде пайдаланушы жасаған ең аз жабдықтың бекітілген тізбесінің электрондық көшірмесі;

10) ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың электрондық көшірмесі;

11) өтінім уәкілетті ұйымда тіркелген күнге дейін 22 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұшуға жарамдылығы директивалары,

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

әзірлеуші ұйымның бюллетеньдері, ресурстары шектеулі агрегаттар, орындалған модификациялар және жөндеулер мәртебелерінің электрондық көшірмесі;

12) ұшу сынақтарының нәтижелері туралы баяндаманың электрондық көшірмесі;

13) барлық борттық тұтынушыларды ескере отырып, электрмен жабдықтау жүйесіндегі жүктемелерді талдау материалдарының электрондық көшірмесі;

14) Area Navigation (RNAV), Minimum Navigation Performance Specifications (MNPS) и Category III бойынша әуе кемесінің рұқсатын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

15) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

2. Бұрын ұшуға жарамдылық сертификаты болған азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын алу үшін мынадай құжаттармен қоса электрондық цифрлық қолтаңбамен қойылған өтінім беріледі:

1) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің электрондық көшірмесі;

2) егер әуе кемесі жалға алынған болса, жалдау туралы шарттың және қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;

3) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) ұшуға жарамдылығы директивалары мәртебесінің, әзірлеуші ұйым бюллетендерінің, ресурстары шектеулі агрегаттардың, орындалған модификациялардың және жөндеулердің электрондық көшірмесі;

3. Бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы

сертификатын алу үшін мынадай құжаттармен қоса электрондық цифрлық қолтаңбамен қойылған өтінім беріледі:

1) техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің электрондық көшірмесі;

2) егер әуе кемесі жалға алынған болса, жалдау туралы шарттардың және қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 483 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15633 болып тіркелген) Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес коммерциялық емес ұйым берген азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің электрондық көшірмесі;

4) модификацияның қолданылуы көрсетілген әуе кемесі данасының сертификатының электрондық көшірмесі;

5) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламент) электрондық көшірмесі (бастапқы беру кезінде);

6) Ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (бастапқы беру кезінде) ең аз жабдықтың негізгі тізбесі болған кезде пайдаланушы жасаған ең аз жабдықтың бекітілген тізбесінің электрондық көшірмесі;

7) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

4. Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын ұзарту үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып электрондық цифрлық қолтаңбамен қойылған өтінім беріледі:

1) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға

		<p>жарамдылығын айқындау актісінің электрондық көшірмесі;</p> <p>2) егер әуе кемесі жалға алынған болса, жалға алу туралы шарттардың және қабылдау тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;</p> <p>3) ұшуға жарамдылығы директивалары мәртебесінің, әзірлеуші ұйым бюллетендерінің, ресурстары шектеулі агрегаттардың, орындалған модификациялардың және жөндеулердің электрондық көшірмесі;</p> <p>4) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздемелер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына, Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларының, Заңның талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p>

10	Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін басқа да талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурста орналастырылған: "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы www.caa.gov.kz.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының алу мүмкіндігі бар: электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсету;</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.</p>
----	--	--

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшу
жарамдылығы сертификатын
беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан
"Бекітемін"
Пайдаланушының
бірінші басшысы

(қолы, тегі аты әкесінің аты)
(бар болған жағдайда)

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі	
Комиссия құрамында техникалық тексеру жүргізді	
Төрағаның лауазымы, Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):	

Комиссия мүшелерінің лауазымы, Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): (комиссия мүшелері жіберілген инженерлер қатарынан болуға тиіс)	
Азаматтық әуе кемесін (бұдан әрі – АӘК) тексеру күні:	
АӘК түрі:	
АӘК мемлекеттік және тіркеу тану белгілері	
АӘК сериялық (зауыттық) нөмірі:	
1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:	
Зауыттан АӘК шығару күні:	
Тағайындалған ресурс: (ұшу сағаттарында, қону, жылдар)	
Пайдалану басталғаннан бастап ұшу: (ұшу сағаттарында, қону, жылдар)	
Төтенше жөндеу немесе мерзімді техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚК) жүргізу күні мен орны:	
Төтенше жөндеуден немесе мерзімді ТҚК кейінгі ұшу: (ұшу сағаттарында, қону, жылдар)	
Жөндеуге дейінгі ресурстың қалдығы не мерзімді ТҚК: (ұшу сағаттарында, қону, жылдар)	
Жөндеу аралық ресурс: (ұшу сағаттарында, қону, жылдар)	
2. АӘК ресурсын ұзарту үшін негіз:	
3. Қозғалтқыш ресурсын ұзарту үшін негіз:	
4. Қозғалтқыштар мен әуе винттері туралы мәліметтер:	
Қозғалтқыш/әуе винті	1-ші 2-ші 3-ші 4-ші Қосалқы көмекші орнатқыш
Түрі және моделі:	
Сериялық (зауыттық) нөмір:	
Пайдалану басталғаннан бастап жұмыс істеу: (ұшу сағаттары мен циклдарында)	
Төтенше жөндеу күні:	
Төтенше жөндеуден кейінгі жұмыс: (ұшу сағаттары мен циклдарында)	
Жөндеуге дейінгі ресурстың қалдығы: (ұшу сағаттары мен циклдарында)	
Жөндеу саны:	
5. Азаматтық әуе кемесі көлемінде тексерілді: (ТҚК нысанын және орындалу күнін көрсету)	
6. Комиссияның қорытындысы: Жоғарыда көрсетілген АӘК-де бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының және ұшуға жарамдылығы жөніндегі қолданылатын директивалардың барлық талаптары орындалғанын куәландырамыз және осы актіде келтірілген мәліметтер барлық жағынан дұрыс екенін мәлімдейміз.	

Төрағаның Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы және күні:	
Комиссия мүшелерінің Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы және күні: Мөр орны	
7. Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы декларация: Жоғарыда көрсетілген әуе кемесі Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкес тексерілді және ұшуға жарамды деп танылды.	
Төрағаның Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы және күні:	
Комиссия мүшелерінің Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы және күні: Мөр орны	

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшу
жарамдылығы сертификатын
беру қағидаларына
2-1-қосымша
Нысан

Азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі

Ескерту. 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Актіні жасау күні, уақыты және орны:	
Азаматтық әуе кемесін (бұдан әрі – АӘК) сертификаттық тексеруден өткізу туралы бұйрықтың күні мен нөмірі, оның негізінде АӘК сертификаттық тексеру жүргізілген.	
Тексеруді жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы:	
Сертификаттық тексеру жүргізу кезеңі:	
Әуе кемесін (бұдан әрі – ӘК) қарау орны:	
Пайдалану құжаттамасын сертификаттық тексеру орны:	
Пайдаланушының атауы:	
ӘК типі мен моделі:	
ӘК тіркеу нөмірі:	
Зауыттық (сериялық нөмір) ӘК:	
ӘК мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі:	

ӘК қолданыстағы ұшу жарамдылығы сертификатының қолданылу мерзімі:			
Ұшуға жарамдылықты және ӘК техникалық қызмет көрсетуді кім жүзеге асырады:			
Сертификаттық тексеру процесінде анықталған сәйкессіздіктер ұшу жарамдылығын сертификаттық тексеру бағдарламасына сәйкессіздіктер тізбесінде көрсетілген.			Иә/Жок
Анықталған сәйкессіздіктер санын көрсетіңіз:	1 деңгей:		
	2 деңгей:		
	3 деңгей:		
Сертификаттық тексеру қорытындысы бойынша пайдаланушыға Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы инспекторлық нұсқама берілді ме?			Иә/Жок
Пайдаланушы бағалау актісіне қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні мерзімінде анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуы қажет пе?			Иә/Жок
Қорытынды			
Жоғарыда көрсетілген азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау жұмыстарының нәтижелері бойынша пайдалану құжаттамасының, оның ішінде техникалық қызмет көрсету бағдарламасының Азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі/сәйкессіздігі, сондай-ақ әуе кемесі мен оның жабдығының мәлімделетін әуе тасымалы түрлеріне сәйкестігі анықталды.			
Авиациялық инспектордың Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы	Күні	Қолы
Пайдаланушының жауапты тұлғасының Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы	Күні	Қолы

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшуға
жарамдылық сертификатын беру
қағидаларына
2-2-қосымша

"Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметінің стандарты

Ескерту. 2-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшу
жарамдылығы сертификатын
беру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Рәміз Символ Уәкілетті ұйымның атауы Уәкілетті ұйымның мекенжайы Наименование уполномоченной организации Адрес уполномоченной организации		
ҰШУҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ СЕРТИФИКАТЫ СЕРТИФИКАТ ЛЕТНОЙ ГОДНОСТИ CERTIFICATE OF AIRWORTHINESS №		
Ұлттық және тіркеу белгілері Национальный и регистрационный знаки Nationality and registration marks	Дайындаушы және әуе кемесін дайындаушының белгілеуі Изготовитель и обозначение воздушного судна изготовителем Manufacturer and manufacturer's designation of aircraft	Әуе кемесінің сериялық нөмірі Серийный номер воздушного судна Aircraft serial number
Әуе кемесінің санаты: Категория воздушного судна: Aircraft category:		
Осы сертификат жоғарыда аталған әуе кемесіне Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Заңның 47-бабының 2-тармағына сәйкес және 07.12.1944 ж. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес берілді, осы әуе кемесі белгіленген пайдалану шектеулеріне сәйкес ұсталса және пайдаланылса, ұшуға жарамды деп есептеледі. Настоящий сертификат летной годности выдан в соответствии с Конвенцией о Международной гражданской авиации от 07.12.1944 г. и пунктом 2 статьи 47 Закона Республики Казахстан "Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации" и относится к вышеупомянутому воздушному судну, которое считается пригодным для выполнения полетов, при условии, что его техническое обслуживание и эксплуатация соответствует вышеуказанным и установленным эксплуатационным ограничениям. This certificate of airworthiness is issued pursuant to the Convention on International Civil Aviation dated 7 December 1944 and Law on use of Air Space of the Republic of Kazakhstan and Aviation activities, Article 47(2) in respect of the above-mentioned aircraft which is considered to be airworthy when maintained and operated in accordance with the foregoing and the pertinent operating limitations.		
Осы ұшуға жарамдылығы сертификаты, егер оны тіркеу мемлекетінің уәкілетті ұйымы тоқтата тұрмаса немесе жоймаса ғана жарамды Настоящий сертификат летной годности действителен, если только он не приостановлен или не отозван уполномоченной организацией государства регистрации This Certificate of Airworthiness is valid unless suspended or revoked by the competent authority of the State of registry		
Уәкілетті ұйымның лауазымды тұлға не оның орнындағы адам Должностное лицо уполномоченной организации либо лицо, его замещающее An official of an authorized organization or a person replacing him (Электрондық цифрлық қолтаңба) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Берілген күні: Дата выдачи:	Сертификаттың қолданылу мерзімі:.....дейін	

Date of issue:	Срок действия сертификата до: The certificate is valid till:
Бұл сертификат барлық ұшулар кезінде әуе кемеді болуы тиіс Этот сертификат должен находиться на борту воздушного судна во время всех полетов This certificate shall be carried on board during all flights	

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемесін
сертификаттау және ұшу
жарамдылығы сертификатын
беру қағидаларына
3-1-қосымша
Нысан

Шуыл туралы сертификат алуға өтінім

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Сертификаттауды және шуыл бойынша сертификат беруді сұраймын:

Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі:	
ӘК мемлекеттік және тіркеу тану белгісі:	
Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген күні:	
Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің аты (атауы):	
Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің мекенжайы:	
Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің байланыс ақпараты:	
телефон нөмірі:	
электрондық пошта мекенжайы:	
Әуе кемесі туралы мәліметтер:	
өндіруші:	
түрі мен моделі:	
зауыт (сериялық) нөмірі:	
санат:	
Қозғалтқыштар туралы мәліметтер:	
түрі мен моделі:	
зауыттық (сериялық) нөмір (лер):	
Әуе винттері туралы мәліметтер (бар болса):	
түрі мен моделі:	
зауыттық(сериялық) нөмір (лер):	
Әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағы (кг):	

Әуе кемесінің максималды қону салмағы (кг):	
Шуылды сертификаттау стандарты:	
Әзірлеуші мемлекет/дайындаушы мемлекет берген шуыл бойынша Сертификат; ұшу басшылығында немесе баламалы құжатта қамтылған сәйкестік туралы өтініш Әк шуыл бойынша қолданылатын стандарттар және осыған байланысты ұшу шуыл бойынша деректер Нұсқаулықтар; қолданыстағы стандарттарға сәйкестік туралы өтініш түріндегі сертификатта қамтылған типтік сертификат деректер картасынан шуыл және онымен байланысты шуыл деректері):	
Шуыл бойынша қолданылатын сертификаттау стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген қосымша модификация:	
Ұшу-қону жолының бүйіріндегі шуыл деңгейі/ толық қуат режимінде, дБ:	
Қону кезіндегі шуыл деңгейі, дБ:	
Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі, дБ:	
Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі, дБ:	
Ұшу кезіндегі шуыл деңгейі, дБ:	
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін (меншік иесі/пайдаланушы):	
Ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын растаймын.	
